

6D021500 – «Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бейсенбаев Бактыбай Қыдырбаевичтің «Қазақстандағы ислами білім беру: тарихы, қазіргі жағдайы және даму келешегі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

p/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыты: «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» және «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағыттарына сәйкес келеді.	Ізденушінің «Қазақстандағы ислами білім беру: тарихы, қазіргі жағдайы және даму келешегі» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға, ҚР «Білім туралы» Заңына және ҚР «Ғылым туралы» Заңына, Дін саласындағы Салалық біліктілік шеңбері, «Дін саласындағы қызмет» кәсіптік стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 5 қазандағы № 391-НҚ бұйрығына сәйкес келеді. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы еліміздегі ғылымды дамыту бағыттарына, атап айтқанда: Елдің зияткерлік әлеуеті, 2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер: 2.1 Жана гуманитарлық білім. Философиялық және дінтану зерттеулері сәйкес келеді. 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған; 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған; 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыты: «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» және «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағыттарына сәйкес келеді.

		бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыста қойылған зерттеу міндеттері мен алынған нәтижелердің орындалуы қамтамасыз етіліп, Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің қалыптасу тарихы мен даму үдерісіне терең теориялық талдау жүргізілген. Сонымен қатар, зерттеу барысында аталған салаға қатысты тұжырымдар мен сараптамалық қорытындылар жасалып, жалпы гуманитарлық ғылымға қосар үлесі айқындалған. Зерттеудің құрылымы, мазмұны, ғылыми деңгейі мен теориялық негіздемелері диссертацияның өзектілігі мен маңыздылығын толықтай дәлелдейді. Аталған ғылыми жұмыстың ғылымға елеулі үлес қосады. Сондай-ақ, Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің тарихи қалыптасуы мен даму кезеңдері жан-жақты талданып, ғылыми негізде тұжырымдалған. Сонымен қатар, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері ескеріліп, исламдық білім беру мекемелерінің институционалдық құрылымдары, тарихи және теориялық негіздері жүйелі түрде қарастырылған. Білім беру бағдарламаларына жасалған талдау арқылы диссертациялық жұмыстың ғылыми және практикалық құндылығы дәйектеліп, маңыздылығы ашылған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыстың мазмұны, ғылыми тұжырымдары, автордың өзіндік ұстанымдары зерттеушінің зерттеу аспектісін терең меңгергенін айқын көрсетеді. Ізденуші зерттеу тақырыбы аясында шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жасап, салыстырмалы талдау негізінде өзіндік ғылыми тұжырымдар ұсынады. Диссертациялық жұмыс өзі жазу деңгейі тұрғысынан жоғары нәтиже көрсеткен.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі теориялық тұрғыдан жоғары деңгейде негізделген, кешенді сипатталған. Өзара сабақтасқан әрі тарихилық хронологиялық мәндегі құрылымдар арқылы ашылған.. Зерттеуші Қазақстандағы

	исламдық білім беру жүйесінің тарихы мен бүгінгі күнгі проблемаларына талдау жасап, бұл үдерісті зайырлы мемлекет азаматын тәрбиелеу ісімен тығыз байланыстырады. Бұл бағыттағы зерттеу қазіргі қоғамдағы діни фактордың ролін ескере отырып, ислами білім беру жүйесінің маңыздылығын арттыра түседі. Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелер ғылыми негізделген, ұсынылған болжамдар эмпирикалық және теориялық тұрғыда дәлелденген. Зерттеудің басты ғылыми нәтижелері тақырып аясында өзара сабақтас, логикалық байланыста ұсынылып, зерттеудің ішкі тұтастығын қамтамасыз еткен. Осылайша, диссертациялық жұмыстың тақырыптық өзектілігі мен ғылыми-практикалық құндылығы айқын көрініс тапқан.	исламдық білім беру жүйесінің тарихы мен бүгінгі күнгі проблемаларына талдау жасап, бұл үдерісті зайырлы мемлекет азаматын тәрбиелеу ісімен тығыз байланыстырады. Бұл бағыттағы зерттеу қазіргі қоғамдағы діни фактордың ролін ескере отырып, ислами білім беру жүйесінің маңыздылығын арттыра түседі. Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелер ғылыми негізделген, ұсынылған болжамдар эмпирикалық және теориялық тұрғыда дәлелденген. Зерттеудің басты ғылыми нәтижелері тақырып аясында өзара сабақтас, логикалық байланыста ұсынылып, зерттеудің ішкі тұтастығын қамтамасыз еткен. Осылайша, диссертациялық жұмыстың тақырыптық өзектілігі мен ғылыми-практикалық құндылығы айқын көрініс тапқан.
4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған қағидалар зерттеу мазмұнын толық айқындайды. Диссертациялық жұмыста исламдық білім беру мәселесі кен ауқымда қарастырылып, Қазақстандағы ислами білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған нақты әрі жүйелі ұсыныстар берілген.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған қағидалар зерттеу мазмұнын толық айқындайды. Диссертациялық жұмыста исламдық білім беру мәселесі кен ауқымда қарастырылып, Қазақстандағы ислами білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған нақты әрі жүйелі ұсыныстар берілген.
4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты зерттеу тақырыбының мазмұнына толық сәйкес келеді. Қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін анықталған ғылыми міндеттер де диссертация тақырыбымен үйлесімді түрде айқындалған. Зерттеу тақырыбы аясында ізденуші жалпы зерттеу бағытына сай тоғыз нақты ғылыми міндетті алға қойып, оларды жүйелі түрде орындаған. Әр тараудың мазмұны мен құрылымы осы міндеттердің орындалуына бағытталып, бөлімшелерде жүргізілген талдаулар негізінде нақты ғылыми қорытындылар мен теориялық тұжырымдар ұсынылған.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты зерттеу тақырыбының мазмұнына толық сәйкес келеді. Қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін анықталған ғылыми міндеттер де диссертация тақырыбымен үйлесімді түрде айқындалған. Зерттеу тақырыбы аясында ізденуші жалпы зерттеу бағытына сай тоғыз нақты ғылыми міндетті алға қойып, оларды жүйелі түрде орындаған. Әр тараудың мазмұны мен құрылымы осы міндеттердің орындалуына бағытталып, бөлімшелерде жүргізілген талдаулар негізінде нақты ғылыми қорытындылар мен теориялық тұжырымдар ұсынылған.
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан;	Диссертациялық жұмыс үш бөлімнен және тоғыз бөлімшеден тұрады. Бірінші тарауда исламдық білімнің тарихи қалыптасуы мен дамуы жан-жақты қарастырылған. Бұл бөлімде исламдық білім беру жүйесінің пайда болу	Диссертациялық жұмыс үш бөлімнен және тоғыз бөлімшеден тұрады. Бірінші тарауда исламдық білімнің тарихи қалыптасуы мен дамуы жан-жақты қарастырылған. Бұл бөлімде исламдық білім беру жүйесінің пайда болу

	3) байланыс жок	алғышарттары, даму кезеңдері және оның әлеуметтік-мәдени ықпалына қатысты теориялық талдаулар берілген. Екінші тарауда қазіргі кезеңдегі исламдық білім берудің жағдайы талданып, қолданыстағы білім беру бағдарламалары мен оқу үдерісіне кешенді сараптама жүргізілген. Сонымен қатар, осы бөлімде Қазақстандағы исламдық білім беру мекемелерінің құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктеріне баса назар аударылған. Үшінші тарау исламдық білім беру жүйесін жетілдіру мәселелеріне арналған. Бұл бөлімде зерттеу нәтижелері негізінде исламдық білім берудің даму келешегі айқындалып, шетелдік тәжірибелер талданып, Қазақстан жағдайында қолдану мүмкіндіктері қарастырылған. Сонымен қатар, исламдық білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған нақты ғылыми-практикалық ұсыныстар ұсынылған. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері өзара логикалық түрде толық байланысқан.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау</u> бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сiлтемелеріне негізделген	Ізденуші тарапынан ұсынылған жаңа ғылыми шешімдер тиісті сыни талдаудан өткізіліп, бұрыннан белгілі ғылыми тұжырымдармен салыстырмалы түрде сараланып, дәлелді негіздермен дәйектелген. Зерттеуде исламтану ғылымына қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың көзқарастары жай ғана салыстырылып қоймай, олардың ғылыми тұжырымдарына сыни тұрғыдан талдау жасалып, олардың өзектілігі мен ғылыми құндылығы бағаланған. Ізденушінің ұсынған жаңа шешімдері мен тұжырымдары теориялық жағынан негізделген. Бұл зерттеу нәтижелерінің ғылымилығын арттырып, исламтану саласына қосқан үлесін айқындай түседі.
5. Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Диссертациялық жұмысты Қазақстандағы исламдық білім берудің қазіргі жағдайына арналған алғашқы кешенді ғылыми зерттеу ретінде толығымен жаңа деп қарастыруға негіз бар. Бұл тұжырым еліміздегі исламтану саласының тәуелсіздік кезеңінен бастап қалыптасып, даму үдерісіне түскендігімен

	3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	тығыз байланысты. Зерттеуде исламдық білім берудің өзекті мәселелері мемлекеттік стратегиялық құжаттар, бағдарламалар және нормативтік-құқықтық актілер аясында қарастырылып, исламтану білімінің даму логикасы мен бағыттары жан-жақты талданған. Сонымен қатар, салалық зерттеулерге сүйене отырып, ізденуші исламдық білім беру жүйесіне қатысты теориялық және әдіснамалық негіздердің тарихи қалыптасу кезеңдеріне шолу жасап, олардың эволюциялық сипатын ашып көрсетеді. Сондай-ақ, ізденуші Қазақстандағы исламдық білім берудің негізгі проблемаларын айқындап қана қоймай, оларды шетелдік тәжірибемен салыстыра отырып, отандық білім беру жүйесіне бейімделген өзіндік ғылыми-тәжірибелік шешімдер ұсынады. Бұл зерттеу жұмысының исламтану саласы үшін теориялық және қолданбалы маңызын арттырады.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу нәтижелері негізінде жасалған қорытындылар нақты деректер мен алдыңғы ғылыми зерттеулерге сүйене отырып тұжырымдалғандықтан, ішінара жаңа сипатында бағаланады. Ізденуші кейбір ғылыми тұжырымдарды бұрынғы зерттеушілердің идеяларын жинақтап, жүйелеп және оларды жанаша тұжырымдау арқылы ұсынған.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық зерттеу әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар бағыты бойынша орындалған және өзінің тақырыптық ерекшелігіне орай техникалық, технологиялық немесе экономикалық салаларға тікелей қатысы жоқ. Осыған байланысты, зерттеу нәтижелерін толыққанды жаңа ғылыми жұмыс ретінде бағалауға негіз бар. Ізденушінің диссертациялық жұмыста ұсынған ғылыми нәтижелері мен қорытындылары еліміздегі дін саласын реттеуге жауапты уәкілетті мемлекеттік органдардың практикалық қызметінде ақпараттық-әдістемелік материал ретінде қолдануға жарамды. Зерттеу барысында ұсынылған теориялық негіздемелер

			исламтану саласындағы ғылыми ізденістер үшін өзекті әрі құнды білім көзі бола алады. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың қолданбалы маңыздылығы исламдық білім беру мен дін саласына қатысты ғылыми және кәсіби ортада пайдалануға қолайлы екендігін көрсетеді. Жүргізілген зерттеулер негізінде алынған тұжырымдар мен ұсыныстар тиісті ғылыми жарияланымдарда жарық көріп, өзектілігі мен дәйектілігін дәлелдеген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/ негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Ізденуші қорғауға ұсынып отырған ғылыми қағидалар мен диссертациялық зерттеудің қорытындылары теориялық және тәжірибелік деңгейде жеткілікті негізделген. Диссертациялық жұмыстың әр тарауының соңында мазмұнға сәйкес ғылыми қорытындылар жасалып, негізгі тұжырымдар нақты әрі дәйекті түрде ұсынылған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидалар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) <u>шамамен дәлелденді</u>; 3) <u>шамамен дәлелденбеді</u>; 4) <u>дәлелденбеді</u>; 5) <u>бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</u> 7.2 Тривиалды ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>; 3) <u>бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u> 3) <u>бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</u> 7.4 Қолдану деңгейі:	7.1 Негізгі ғылыми қағидалар толық дәлелденген. Диссертациялық жұмыста ізденуші анықтаған сегіз ғылыми қағидат толық негізделіп, зерттеудің жалпы ғылыми нәтижелерімен өзара үйлесімді байланыста ұсынылған. Әрбір қағидат нақты ғылыми деректер мен талдауларға сүйене отырып тұжырымдалған, бұл олардың мазмұндық дәлдігін және ғылыми сенімділігін арттырады. 7.2 Ұсынылған қағидалардың әрқайсысы тривиалды емес деп бағалануға лайық. Ізденуші оларды стандартты үлгіден тыс, өзіндік авторлық ұстаныммен, жан-жақты ғылыми негізде қарастырып, ерекшеленетін көзқарастар мен талдау тәсілдерін ұсынған. 7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидалар ия жаңа. Ізденуші ұсынған қағидалар исламдық білім беру саласында бұған дейін ғылыми айналымда кеңінен қарастырылмаған, жаңаша қырлардан зерттелген мәселелерге арналған. Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми жаңалығы жағынан ерекшеленеді. Әсіресе, Қазақстандағы дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру контекстіндегі исламдық білімнің тиімділігі мен даму

	1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>; 4) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u>; 2) жоқ	болашағына қатысты ұсынылған тұжырымдар ерекше назар аударуға тұрарлық. 7.4 Қолдану деңгейі кең. Диссертация нәтижелері әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласында кең қолданысқа ие. Сонымен қатар, дін саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар үшін ақпараттық-әдістемелік құрал ретінде, діни саясатты реттеу ісінде практикалық мәнге ие. Жұмыстың теориялық негіздері исламтану саласындағы болашақ зерттеулер мен білім беру үдерістерінде пайдалануға жарамды. 7.5 Диссертациялық зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары мақалада ия дәлелденген. Атап айтқанда: - Scopus деректер базасына енген, CiteScore көрсеткіші кемінде 35 процентильден жоғары халықаралық ғылыми журналдарда (оның бірі – 90%, екіншісі – 65% процентиль деңгейінде), көрсеткіштері бойынша Q1–Q2 санатындағы журналдарда екі мақала жарияланған; - Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми басылымдардың тізіміне енген журналда бір мақала жарияланған; - Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында екі мақала жарық көрген. Жарияланған ғылыми еңбектер диссертациялық жұмыстың мазмұны мен нәтижелеріне толық сәйкес келеді және зерттеудің ғылыми жаңалығы мен қолданбалы маңызын дәлелдейді.
8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>иә</u>; 2) жоқ	Иә, ізденушінің зерттеу әдістемесін таңдауы толығымен ғылыми негізделген және диссертациялық жұмыста жан-жақты сипатталған. Зерттеу барысында тақырыптың мазмұнын ашу үшін тарихи және салыстырмалы талдау, теориялық әдістермен қатар, сауалнама жүргізу, бақылау сынды эмпирикалық зерттеу әдістері де тиімді қолданылған.

8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>	Иә, диссертациялық жұмыстың нәтижелерінен зерттеушінің ғылыми зерттеулер жүргізуде заманауи әдістерді, соның ішінде компьютерлік технологияларды, деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін тиімді пайдаланғаны аңғарылады. Бұл тәсілдер алынған мәліметтердің сенімділігі мен дәлдігін арттырып, ғылыми тұжырымдардың негізділігін қамтамасыз еткен.
8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>	Иә, диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны эксперименттік зерттеулерді қажет етпегенмен, ұсынылған теориялық қорытындылар исламтанулық және деректанулық зерттеулердің негізінде дәлелденіп, ғылыми түрде расталған. Жұмыста келтірілген барлық теориялық тұжырымдар мен нәтижелер эмпирикалық деректермен, бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулермен үйлесімді түрде негізделген. Сонымен қатар, зерттеу барысында заманауи интерпретациялық әдістемелер тиімді қолданылып, алынған деректерге ғылыми тұрғыдан терең талдау жүргізілгені аңғарылады. Осы себепті, зерттеу әдіснамасына қойылатын бұл талапқа жауап «иә» деп бағалануы толық негізді.
8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияда ізденуші келтірген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыста шетелдік және отандық авторлардың ғылыми еңбектері кеңінен қолданылған. Зерттеуде көтерілген әрбір мәселе бойынша тиісті авторларға нақты сілтемелер жасалып, олардың ғылыми көзқарастары мен тұжырымдары зерттеу мазмұнына сәйкес жүйелі түрде талданған. Пайдаланылған дереккөздер мен әдебиеттердің мазмұны зерттеу тақырыбымен өзара үйлесімді және олардың қолданылуы ғылыми дәлдік пен дәйектілік тұрғысынан қамтамасыз етілген.
8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/ жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиет көздері ізденушінің зерттеу тақырыбы бойынша жүргізілген әдеби шолуы үшін жеткілікті.


		Диссертациялық жұмыста тақырып аясында қарастырылған мәселелерге сәйкес 193-ке жуық ғылыми әдебиетке сілтеме жасалған. Пайдаланылған еңбектердің дені зерттеу тақырыбына тікелей қатысты және әрбір мәселені жан-жақты ашуға бағытталған. Ізденуші зерттеу тақырыбының деңгейін салааралық, пәнаралық тұрғыдан кешенді түрде талдап, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасай отырып, тақырыпты жан-жақты ашып, дәйекті негіздеген.
9	Практикалық құндылық принципін	Иә, диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы жоғары. Бұл, ең алдымен, қазіргі кезеңдегі діни қайта жаңғыру үдерісімен және түрлі радикалды немесе жат діни ағымдардың әсерінің күшеюімен байланысты. Мұндай жағдайда жастардың сана-сезімінде объективтілікке негізделген, зайырлы қағидаттарды сақтай отырып, тарихилық жағынан дәстүрлі исламдық білім берудің рөлі айрықша өзектілікке ие болуда. Диссертациялық жұмыс исламдық білім берудің мәні мен даму келешегін жан-жақты талдай отырып, қазіргі жаһандық және отандық діни ахуалды бағамдау, болжау және реттеу үшін маңызды теориялық негіз бола алады. Сонымен қатар, бұл зерттеу еліміздегі исламдық білім берудің педагогикалық ерекшеліктерін зерделеуге арналған ғылыми база ретінде де қарастырылады. Жұмыста әлемдік тәжірибелердің озық үлгілері салыстырмалы түрде талданып, оларды Қазақстан жағдайына бейімдеу мүмкіндіктері ұсынылған. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері еліміздің білім беру саласындағы қалыптасқан ескі ұстанымдарды жетілдіруге бағытталған ғылыми-тәжірибелік ұсыныстармен толықтырылады. Сондықтан бұл талап бойынша «иә» деген жауап толық негізді. Иә, диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы жоғары. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен ұсыныстар мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүзеге асыруда, сондай-ақ исламдық білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен
		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u>;

		2) жоқ	жетілдіру үдерісінде әдістемелік-нұсқаулық материал ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, диссертацияда ұсынылған тұжырымдар мен әдістемелік негіздемелер исламдық білім берудің мазмұнын қалыптастыруда, оны оқу үдерісінде тиімді ұйымдастыруда және білім беру мекемелеріндегі діни-педагогикалық жұмыстарды жетілдіруде тәжірибелік тұрғыдан қолдануға жарамды.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u>	Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсынымдар жартылай жаңа. Ізденуші зерттеу барысында шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдарын салыстырмалы талдау арқылы кейбір көзқарастарды қабылдап, оларды шығармашылық тұрғыдан өңдеп, ғылыми тұрғыда кеңейте отырып жаңа мазмұндағы тұжырымдар жасаған. Осылайша, диссертацияда ұсынылған практикалық шешімдер бұрынғы ғылыми пайымдарды негізге ала отырып, оларды жаңа әдіснамалық қырынан дамытумен ерекшеленеді. Бұл ізденушінің тақырыпты терең меңгеріп, оны қолданбалы деңгейде пайымдай алғанын көрсетеді.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде бағаланады. Зерттеу барысында ғылыми стиль талаптары толық сақталған, терминологиялық нақтылық пен тілдік бірізділік қамтамасыз етілген. Ізденушінің ой-тұжырымдары дәлелді, ғылыми негізді, логикалық жағынан тұтас және жүйелі түрде баяндалған. Диссертацияның техникалық рәсімделуі де тиісті нормативтік талаптарға толық сәйкес келеді. Жұмыс құрылымы, дереккөздермен жұмыс істеу мәдениеті, дәйексөз беру және сілтеме жүйесі ғылыми зерттеуге қойылатын академиялық стандарттарға сай екендігін көрсетеді. Бұл диссертацияның жоғары ғылыми және академиялық деңгейде орындалғанын айғақтайды.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыста діни білім беру тәжірибесінің отандық мысалдары аз қолданылған. Мысалы «Қарнак» мектебі, «Мамания» мектебі, сондай ақ «қадимшілдер» мен «жадидшілдер» арасындағы дилеммалар мен ортақ тұстар

		салыстырмалы тұрғыдан ғылыми сарапталар жасалған диссертация деңгейі бұдан да жоғары болар еді. Кейбір арабша сөздер мен ұғымдарды бүгінгі ана тілімізде бейімдеп беруге болар еді. Диссертанттан терминдердің жазылуын біріздендіріп, тиісті түзетулер енгізуін сұраймын. Аталған ескертулер диссертациялық жұмыстың құндылығына нұқсан келтірмейді, болашақтағы зерттеу жұмысында ескеріледі деп есептеймін.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбына сәйкестігі, олардың ғылыми деңгейі зерттеу жұмысының өзектілігін, әдіснамалық негізділігі мен алынған нәтижелердің жаңашылдығы және практикалық құндылығын толыққанды ашып көрсеткен. Диссертанттың диссертация жұмысы алынған ғылыми нәтижелер бойынша 5 жұмыс жарияланған: 1) Scopus базасындағы мақала: - Beisenbayev B., Almukhametov A., Mukhametshin R. The Dynamics of Islam in Kazakhstan from an Educational Perspective //Religions. – 2024. – Т. 15. – №. 10. – С. 1243. Процентиль – 90 (Q1). - Beisenbayev B., Almukhametov A. The Current State and Ways of Improving Islamic Education in the Republic of Kazakhstan //Pharos Journal of Theology. – 2024. – Т. 105. – №. 3. Процентиль – 65 (Q2). 2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарияланған мақалалар тізімі: - Beisenbayev B. (2024). The current state and ways of improving Islamic education in the Republic of Kazakhstan. Eurasian Journal of Religious Studies, 40(4), 43–57. 3) Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында: - Бейсенбаев Б.К. Исламдық білім беру мәселесін зерттеудегі ғылыми тарихи талдау. Международный научный журнал

		«Journal of Science and Research (JSR)» 1 (1) сентябрь, 2023, 14-24 стр. - Керім Ш., Бейсенбаев Б.К., Курбанов Б.О. Исламдық білім беру жүйесінің дамуы: теориялық және практикалық аспектілер. Орталық Азия және Қазақстандағы ислам тарихи дәстүр мен заманауи көзқарас» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. –Алматы, 2025 ж. Жүргізген зерттеу жұмысы автордың ғылыми талдау әдістерін жақсы меңгергенін, ғылыми зерттеулер жүргізуге қажетті дайындық деңгейінің жоғары екендігін растайтын, сонымен қатар Қазақстандағы ислами білім беру, гуманитарлық ғылымдар салаларында білімінің жеткілікті екенін көрсетеді. Мақалаларында зерттеу жұмысын жүргізу барысында зерттеу тақырыбы бойынша қойылған талаптарды нақты анықтап, практикалық тұрғыда іске асыра алатын, зерттеу нәтижесін талдауға және жариялауға қабілетті зерттеуші ретінде көрсете білді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай отырып, Бейсенбаев Бактыбай Кыдырбаевичтің «Қазақстандағы ислами білім беру: тарихы, қазіргі жағдайы және даму келешегі» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің барлық талаптарын қанағаттандырады. Бейсенбаев Бактыбай Кыдырбаевич 6D021500 – «Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
 философия ғылымдарының докторы,
 Кожа Ахмет Ясауи атындағы
 халықаралық қазақ-түрік университетінің
 профессоры



Кенжетәев Досай Тұрсынбайұлы